

ISSN 1563-0323, eISSN 2618-0782

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

Филология сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия филологическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

EURASIAN JOURNAL

of Philology: Science and Education

№1 (185)

Алматы
«Қазақ университеті»
2022



ХАБАРШЫ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ №1 (185) наурыз



04. 05. 2017 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігінде тіркелген

Қуәлік № 16497-Ж

*Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)*

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Кенжеқанова Қ.К., PhD (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Джолдасбекова Б.У., ф.ғ.д., профессор (ғылыми редактор)
(Қазақстан)

Досанова А.М., PhD (ғылыми редактордың орынбасары)
(Қазақстан)

Адилбаева У.Б., ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Алинтаева Л. Т., ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)

Баянбаева Ж.А., ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)

Аймағамбетова М.М., PhD, доцент м.а. (Қазақстан)

Мадиева Г.Б., ф.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Темірболат А.Б., ф.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Саткенова Ж.Б., ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Таттимбетова Қ.Ө., PhD, доцент м.а. (Қазақстан)

Донна Орвин (Donna Orwin), доктор, профессор, Торонто университеті (Канада)

Евдокимова С.Б., PhD, доцент, Браун университеті (АҚШ)

Жаң Жин Жин (Jean Zhin Zhin), доктор, профессор,
Пекин ұлттық орталық университеті (Қытай)

Барабаш В.В., ф.ғ.д., профессор, Ресей халықтар достығы
университеті (Ресей)

Морхье Пост (Margje Post), PhD, доцент, Берген
университеті (Норвегия)

Насие Йылдыз (Nasiye Yildiz), доктор, профессор, Анкара
Хаджи Байрам Университеті (Түркия)

Риверс Уильям П. (Rivers William P.), доктор, профессор,
Ұлттық кеңес және тілдерді дамыту жөніндегі халықаралық
оқыту (АҚШ)

Кайс Амер Кадим (Kais Amer Kadhim), доктор, қауымд.
профессор, Сохар университеті (Оман Сұлтанаты)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Тонкер А. (Қазақстан)

«Филология сериясы» қазіргі тіл білімі мен әдебиеттану және аралас мамандықтардың өзекті мәселелерін жариялауға арналған.



Жоба менеджері

Гульмира Шаққозова

Телефон: +7 701 724 2911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

ИБ № 15368

Пішімі 60x84/8. Көлемі 21,0 б. т. Тапсырыс № 15006 .

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында
басылды.

1-бөлім
ТІЛ БІЛІМІ

Section 1
LINGUISTICS

Раздел 1
ЯЗЫКОЗНАНИЕ

FTAMP 16.21.27

<https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v185.i1.ph3>**Р.К. Ақшолақова^{1*}**, **Ж.Ж. Күзембекова²**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: raigula57@gmail.com**ЭКОЖҮЙЕДЕГІ ТІЛ: ЭКОЛИНГВИСТИКА**

Мақалада экологиялық ұстанымдар мен тілді және адамды байланыстыра зерттеудің қазіргі жай-күйі туралы айтылады, бағыттың теориялық негізі сипатталады. Экология бағытының өзекті мәселелерінің ғылыми айналымға тұрақтап, өзге бағыттарға ене бастауы – адамзаттың осы мәселелерді жердегі болашақ өмірдің алғышарты ретінде қарастыруы деп түсінеміз. Сондықтан тіл мен оның ортасы, әлемнің тілдік алуантүрлілігін сақтау мәселелері күн тәртібінен түсер емес. Жұмыста осы саладағы терминдер қолданысындағы алуантүрлілік талданып, әрқайсысы туралы іргелі зерттеулерден пікірлер келтіріледі. Тіл мен оның ортасының, тіл мен оның иесінің арасындағы байланыстарды зерттеудің, оны жүйелі әрекеттер кешені ретінде қарастырудың тілдің өміршеңдігіне әсері зерттеледі. Тіл жеке өмір сүре алмайды, десек те оған ортасының әсері қаншалықты деген сұрақ бұрыннан бар. Бірақ эколлингвистика саласы ғылыми айналымда салыстырмалы түрде жаңа. Жалпы, тіл мен оның қоршаған ортасын зерттеу әртүрлі бағытта жүргізілуі мүмкін. Эколлингвистикалық ойлар Э. Сепирдің этностың өмір сүру дағдысы мен ерекшелігі міндетті түрде тілде сақталады деген тұжырымының жалғасы ретінде дамыды. Тек осы байланысқа қатысты ыңғайлардың әртүрлі екенін байқадық. Сондықтан мақалада эколлингвистиканың қалыптасу жолы мен әдіснамалық базасы, эколлингвистика мен тіл экологиясының, лингвоэкологияның айырмашылығы талданады.

Түйін сөздер: тіл, экожүйе, тіл экологиясы, лингвоэкология, эколлингвистика.

R.K. Aksholakova^{1*}, Zh.Zh. Kuzembekova²
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: raigula57@gmail.com

Language in the ecosystem: ecolinguistics

The article discusses the problem of studying the relationship between language, human and environmental principles, describes the theoretical basis of the direction. Particular interest in environmental topical problems and the implementation of these studies in other branches of science, the fact that humanity considers these issues as a necessary condition for future life on Earth. Therefore, the themes of the language and its environment, the preservation of linguistic diversity do not lose their relevance. In this work, the authors analyze the variety of terms in this area, provide fundamental research on each of them. The influence of the analysis of the language and its environment, the connection between the language and the native speaker as a complex of systemic actions on the vitality of the language is investigated. The language is immersed in the environment and the question of the influence of the environment on the language has long been of interest to scientists. Eco-linguistic doctrines developed as a continuation of E. Sapir's thought that all life experience and the peculiarity of an ethnos are stored in its language. But it should be borne in mind that ecolinguistics as a direction of science appeared relatively recently and there are various approaches to the study of language and its environment. Therefore, the article examines its path of formation as a branch of linguistics and methodological base, analyzes the differences between the terms ecolinguistics, ecology of language, linguoecology.

Key words: language, ecosystem, language ecology, linguoecology, ecolinguistics.

Р.К. Ақшолақова^{1*}, Ж.Ж. Күзембекова²
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: raigula57@gmail.com

Язык в экосистеме: эколлингвистика

В статье рассматривается проблема исследования связи между языком, человеком и экологическими принципами, описывается теоретическая основа направления. Особый интерес к экологическим актуальным проблемам и внедрение этих исследований другим отраслям науки, факт, что человечество рассматривает эти вопросы как необходимое условие для будущей жизни на Земле. Поэтому темы языка и его среды, сохранения языкового разнообразия не

теряют актуальность. В работе авторы анализируют разнообразия терминов в этом направлении, приводят фундаментальные исследования по каждому из них. Исследуется влияние анализа языка и его среды, связи между языком и носителем как комплекса системных действий на витальность языка. Язык погружен в среду и вопрос влияния среды на язык давно интересует ученых. Эколлингвистические учения развивались как продолжение мысли Э. Сепира о том, что весь жизненный опыт и особенность этноса хранится в его языке. Но надо учесть, что эколлингвистика как направление науки появилась сравнительно недавно и существуют разнообразные подходы исследования языка и его среды. Поэтому в статье рассматривается ее путь становления как отрасли лингвистики и методологическая база, анализируется отличия терминов эколлингвистика, экология языка, лингвоэкология.

Ключевые слова: язык, экосистема, экология языка, лингвоэкология, эколлингвистика.

Кіріспе

Жер бетіндегі заттар мен құбылыстар, ағзалар мен қоршаған орта, тірі ағзалардың класстары мен топтары белгілі байланыста, бір-біріне әсер ету формасында өмір сүреді. Ерекшеленгенімен, жеке өмір сүретін тірі ағза да, өзге категория да жоқ. Сол секілді тіл де иесімен, оның менталдық категорияларымен, танымдық жүйелерімен, сол иесінің өмір сүретін ортасымен, оның климаттық, географиялық, биоалантүрлілік ерекшелігімен байланыста дамиды, өзгереді. Адамның дүниелік шындығы тілі арқылы қалыптасып, өмір сүреді, тіл оның өмір сүру ортасы ғана емес, бөлінбес бөлшегі. Тіл дене динамикасына еніп, әлеуметтік өзара әрекеттестіктегі бізді тірі ағза деп сипаттауға мүмкіндік беретін бағдарлық (когнитивтік) әрекет ретінде анықталады (Di Paolo E.A., Cuffari E.C., De Jaeger H., 2018). Сондықтан экожүйенің бөлшегі болып табылатын тіл мен адамның, қоршаған ортаның бірлігі, қарым-қатынасы, соның салдарынан тілдің өзгеру факторлары, жаңару, толығу немесе көнеру, жұтандану жолдары ғылыми айналымда қызығушылық туындатып келеді. Тірі ағзалар мен оларды қоршаған ортаның жиынтығын қамтитын күрделі, динамикалық жүйе ретінде анықталатын экожүйеге (britannica.com) енетін тіл мен оның иесінің қарым-қатынасы (қоршаған ортасы) ХХІ ғасырда «сәнге» айналған экологиялық ойлау жүйесін туындатты. Жаңа экологиялық ойлау – адамның экологиялық таза ортасын қалпына келтірген жағдайда ғана қауіпсіз өмір сүру және даму мүмкіндігі пайда болатындығы туралы жалпыға ортақ түсінік (Яценко Н.Е., 1999). Адам қоршаған орта мен табиғаттың иесі емес, экологиялық ортаның қатысушысы, мүшесі ретінде қарастырыла бастады. Экологиялық білімнің аксиологиялық маңызы мен құндылығы

қоршаған ортаның үйлесімде дамуына ғана емес, адамзаттың өмір сүруіне жағдай жасайтынын қоршаған ортаны қорғаумен айналысатын ұйымдар, қорлар айтып келеді. Өйткені адамзат экологиялық-әлеуметтік дағдарысқа тап болды. Адами капиталдың көбеюі, жаһандық жылыну, экологиялық климаттың нашарлануы, жаппай тұтынушылық нарықтың артуы салдарынан планетаның ахуалының өзгеруі зерттеулердің жаңа ыңғайларын қажет етті. Экологиялық мәселелердің қоғамдық өмірдің барлық саласына еніп, ғылыми «төңкеріс» жасауы, «жасыл» экология ұрандары әлемдік сипат алды, қоғамның даму үрдісіне айналды. Мәселені реттеуде технологиялық құралдардың қауқарсыз екені, дүниені тану ұстанымдары мен әлеуметтік-қоғамдық құндылықтар мен дүниетанымды өзгерту қажеттілігі, экологиялық модернизациялау идеясын жүзеге асыру үшін экотұлға тәрбиелеу керектігі айқындалды. Ғылым салалары эко фактормен толықты, дизайнда эко стиль қалыптасты, архитектура эко материалдарға жүгінді және т.б. Сол себепті экологиялық негіздің лингвистикаға келуі заңдылық. Осы орайда, мақалада тіл мен ортасының байланысын зерттеумен айналысатын ғылым саласының бүгінгі жай-күйі мен өткенін, терминологиялық жүйесін реттеуді және әдіснамалық негізін анықтауды, зерттеу жүргізу ыңғайларын топтастыруды мақсат етіп алдық. Экология түсінігінің лингвистикаға ену бағыттарын талдадық. Бұл өзекті тақырып. Өйткені эколлингвистикалық зерттеулер тілдік саясатты дұрыс бағытта жүргізуге, тілдік жоспарлауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Тілдік алуантүрлілік пен мемлекеттік тілдің позициясын бекіту жағдайында Қазақстан үшін дұрыс тілдік саясат ерекше маңызға ие, ол – ұлттық, мемлекеттік саясаттың ауқымды, күрделі әрі мағыналы бөлігі.

Зерттеудің материалы мен әдістері

Зерттеу теориялық міндеттерді алдына қойғандықтан, жұмыста ғылыми еңбектерге шолу жасап, ғылыми бағыттың негізін салған, даму жолын анықтайтын, қазіргі жай-күйін көрсететін ойлар мен тұжырымдарды келтірдік. Ғылыми кеңістіктегі ауқымды материалдың ішінен, біздің ойымызша, маңыздыларын іріктеп, топтастырдық. Талдау, салғастыру әдістерін қолдандық.

Тіл ұзақ уақыт аралығында құрылымдық ыңғайда зерттеліп келді. Бірақ тілдік формалар мен элементтерді, құрылымдарды адамның психикалық жағдайынан, менталдық ерекшеліктерінен, ағзасының жұмыс жасау формаларынан тыс қарастыруға болмайды. Құрылымдық лингвистика аясында тіл жеке элементтерге жіктеліп, сол бірліктер бір-біріне қарсы қойылса, синхрония мен диахрониялық сипатқа, тіл мен сөйлеуге назар аударылса, эколингвистикада бірліктердің байланысы қарастырылып, олар бір-біріне қарсы қойылмайды, қарым-қатынасқа түседі. Құрылымдық ыңғай аясында тілдің белгілі бірлігінің маңызы оның жүйедегі орнымен анықталады. Жүйе статикалық сипатта, әр бірліктің өзгерісі жүйенің өзгерісіне әкеледі. Ал эколингвистика аясында тіл ашық, тірі, динамикалық құрылым. Аталмыш бағыт аясында бірліктердің жағдайы мен өзгеру ерекшелігі, өзара қарым-қатынасы емес, олардың өзгеруіне әкелетін үдерістер мен олардың өзара әрекеттестігі қарастырылады. Ал тіл экологиясы аясында белгілі аймақта орналасқан немесе жеке адамның, қоғамның санасындағы бәсекелестіктегі тілдердің өмір сүруі, қолданыс аясының тарылуы немесе кеңеюі зерттеледі. Эколингвистика тілді функционалды тұрғыдан зерттеген кезде «ақпарат алмасу құралы» ретінде ғана қарастырмайды, қоғамның бірлігін сақтау құралы ретіндегі тілдің рөліне, жеке жағдайлардағы қызметіне тоқталады. Қоғамда және қоғамдық топтардың бір тіл аясында тату өмір сүруіне жағдай жасайды. Дегенмен, эколингвистиканың зерттеу шекарасының анықталмағаны мен әрізділігі зерттеу пәні мен нысанын өзге пәндермен тоғыстырды. Сол себепті ғылыми бағыттың өзіндік әдіснамасы қалыптаспады, мақсат-міндеттері аясында өзге ғылыми бағыттардың әдіс-тәсілдерін пайдалана береді. Ол экологиямен және лингвистикамен тоғысатын пәндердің әдістер болуы мүмкін. Эколингвистиканың

пәнаралық сипаты соны қажет етеді. Адамның күрделі құрамдас бөліктерден (сөйлеудің мақсат-міндеттері, интенция және стратегиялары, сөйлеудің алғышарты мен сыртқы факторлары, коммуникативтік орта, қатысушылармен байланысты фондық білім) тұратын сөйлеу әрекеті эколингвистикалық жұмыстарда қарастырылды, осылайша, дискурс зерттеу нысанына айналды. Тіл мен дискурс функционалды ыңғайда қарастырылды. Бұл эколингвистикаға зерттеу әдістерін прагматикалық лингвистикадан, когнитивтік лингвистикадан, әлеуметтік лингвистикадан алуға мүмкіндік берді. Әдістері мен нысандары бір болғанына қарамастан, эколингвистикалық зерттеулер жаһандық сипатымен, практикалық әрекеттерді қажет ететін нәтижелерімен ерекшеленеді.

Эколингвистикалық бағыттағы теориялық еңбектерге шолу жасау барысында эколингвистика, тіл экологиясы, лингвоэкология, экологиялық лингвистика, экологиялық ыңғай секілді жарыспалы терминдерден құралған өрістің бар екенін аңғардық, сәйкесінше, лингвоэкологиялық ойлар мен идеялар жеке теориялық бағыт ретінде қалыптаспады. Осы туралы Е. Хауген бағыттың атауының ерекше маңыздылығы жоқ, дегенмен, менің пікірімше, «тіл экологиясы» термині ауқымдырақ және оның аясында лингвистер, көп жағдайда, тілдер мен олардың иелері арасындағы байланыстарды, қатынастарды түсіну мақсатында әлеуметтанушылармен жұмыс жасай алады (Haugen E., 1971, p. 21).

В. Фон Гумбольдтің тіл мен әлемнің өзара байланысына қатысты ілімінен бастау алған эколингвистикалық зерттеулердің қатарында америкалық лингвист және антрополог Э. Сепирдің идеялары мен тұжырымдары тұрғанын айтуға болады. 1912 ж. Э. Сепирдің «Тіл және орта» («Language and environment») мақаласы жарық көріп, ғалым сөзден, фонетикалық жүйеден, құрылымнан тыс тілді түсіндіріп, табиғат пен тіл арасындағы өзара байланысты негіздеді. Тек қоршаған орта мен тілдің байланысы әлеуметтік сипатқа ие, яғни тіл иесі арқылы жүзеге асатынын айтады. Мысалы, қандай да бір этностың қоршаған ортасында белгілі жануар өмір сүретін болса, ол жануардың атауы сол халықтың тіліне өздігінен енбейді, ол үшін тіл иесінің сол жануарға қызығушылығы байқалып, білуі тиіс. Жалпы, белгілі тілдің сөздігін қарап-ақ сол тілдің иесінің өмір сүру дағдысы, қоршаған ортасы, климаты, жауын-

шашын көлемі туралы білуге болады деген ойды айтады (Sapir E., 1912). Ғылыми бағыттың пайда болуын А. Филл метафорамен байланыстырады. 1970 жылы Эйнар Хауген тіл мен қоршаған ортасы арасындағы байланыс туралы әңгімелеу барысында оны жануарлар мен өсімдіктердің белгілі түрлері мен қоршаған ортасының байланысымен салыстырды. 1990 жылы Майкл Халлидей тіл мен кластар, топтар арасындағы байланысты атап өтті. Осы екі баяндама эколингвистиканы туындатып, оның екі бағытын қалыптастырды. Алғашқысына сай, экология метафоралық түсінікке ие болып, «қоршаған ортадағы тіл» ретінде, ал екіншісі бойынша «экология биологиялық ұғым ретінде» қабылданып, экологиялық мәселелерді шешу барысындағы тілдің рөлі қарастырылады, лингвистикалық зерттеулер сол мәселелерді шешу жолдарын ұсынады (Fill A., 1998). Төрт онжылдық бойы эколингвистер лингвистер де туристер секілді өз аймақтарының экологиялық ерекшелігін ескермеген жағдайда дұрыс қызмет ала алмайтынын айтып келеді (Steffensen S., Alwin F., 2014). Эколингвистика тіл мен лингвистиканың экологиялық кризиске жұмылдырылуын қарастыратын сыни қолданбалды лингвистиканың саласы, бір уақытта объективті әрі тәуелді бола алады (Bang J. Chr., Døør J., 1993). Көп жағдайда табиғаттың емес, мәдениеттің бөлігі ретінде қарастырылатын тіл екі саланы байланыстырушы құрал. Ол өзінде көптеген табиғи ерекшеліктерді сақтап, бүгінге және болашаққа жеткізе алады. Сол себепті әртүрлі жаратылыстану ғылымдарының әдістерімен зерттелуі тиіс. Мысалы, акустикалық өлшеу, физиологиялық өзара байланыс және оның нейробиологиялық негізі. Кей қатынастар барысында қалыпты мәдени жетістіктерді көрсетеді, оны мәдениет пен гуманитарлық ғылымдардың дәстүрлі әдістерімен қарастыру қажет. Мысалы, оның тарихи өлшемі, интерпретация үшін ашықтығы, эстетикалық және поэтикалық әлеуеті (Finke, 2008: 75). Тілдің табиғатындағы осындай күрделі, кереғар ұғымдар эколингвистика секілді гибриді бағыттардың қалыптасуындағы белгілі қиындықтарға әкелді.

Әдебиеттерге шолу

Сонымен, эколингвистикалық ойлар өткен ғасырларда айтылғанымен, бағыттың қалыптасу кезеңін ХХ ғасырдың 90 жылдарына

жатқызамыз. Тіптен, бағыттың қалыптасу негізін көне философиялық ойлардан, Конфуцийдің сөз бен атауға қатысты ілімінен іздеуге болады. Бразилиялық ғалым Х.Х. до Коуто эколингвистиканың пән ретінде толық қалыптасқанын айтады (Н.Н. do Couto, 2014). Қалыптасқан бағыт болса, атау бірізділігінің болмауын қалай түсіндіруге болады? Бірақ жарыспалылық сипат ағылшын, испан тілді лингвистикада емес, орыс тілді ғалымдарда басым екенін байқадық. Ресей тіл біліміндегі танымал эколингвистердің бірі А.П. Сквородников берген анықтамасында лингвоэкология немесе эколингвистика деп көрсетіп екеуін синоним ретінде сипаттайды. Анықтамасына жүгінсек, лингволингвистика немесе эколингвистика – зерттеу пәні тіл мен тілдік (сөйлеу) ортасының күйін, тіл мен сөйлеу мәдениетінің дамуына әсер ететін (жағымды және жағымсыз) факторларды зерттеу болып табылатын тіл білімінің саласы (бағыты). Ғалым лингвоэкологиядағы негізгі ұғым ретінде тілдік ортаны алады да оны тілге қатысты екі түрлі түсіндіреді: бір жағынан, тілдік жүйе мен қоғамдық-сөйлеу практикасының тіл дамуының белгілі тарихи кезіндегі күйі, ол қоғам мүшелерінің тілдік санасының (тілдік қалауының да) қалыптасуына әсер етеді. Екіншіден, тілдің жағдайына, даму бағыты мен қызмет ету сипатына әсер ететін экономикалық, саяси, идеологиялық, мәдени, әлеуметтік-психологиялық, этнопсихологиялық экстралингвистикалық факторлар мен шарттардың жиынтығы. А.П. Сквородниковтің пікіріне сай, лингвоэкология өз тұжырымдары мен нәтижелері арқылы мемлекеттік тілдік саясаттың негізіне айналуы тиіс (Сквородников А.П., 2014). Эколингвистиканы тіл білімінің жеке саласы ретінде бөліп көрсету дұрыс емес, өйткені оның зерттеу пәні – тілдің спецификалық ерекшелігі емес, көп жағдайда классикалық лингвистикадан тыс жататын мәселелерді реттеу үшін тілдік үдерістерді жүйелі зерттеуге бағытталған әртүрлі лингвистикалық пәндердің әдістерінің жиынтығы (Иванова Е.В., 2012: 260).

Эколингвистикадағы өзара байланысты, бірақ бір-бірінен ерекшеленетін үш теориялық бағытты бөліп көрсетуге болады: үш бағыттың алғашқысы – «хаугендік дәстүр» тілді адамның ақыл-ойы, қоғам және қоршаған ортаның әрекеттестігіне негізделген кең экологияның бір бөлігі ретінде қарастырады. Осы дәстүрдің жалғасы ретінде тілге қатысты «экологияның» төрт типін бөліп көрсетейік. Біріншіден, көптілді

тұлғаның миындағы немесе көптілді қоғамдағы символдық жүйелерді қамтитын символдық экологиядағы тіл; екіншіден, биологиялық және физикалық ортада қолданыс құралы ретінде тілді қолданатын табиғи экологиядағы тіл; үшіншіден, сөйлеушіні және сөйлеу қауымдастығын қалыптастыратын элеуметтік мәдени экологияда, элеуметтік мәдени мәнмәтіндерде өмір сүретін тіл; төртіншіден, биологиялық ағзалар арасындағы өзара байланысқа құрылатын когнитивтік экологиядағы тіл.

«Хаугендік дәстүр» секілді биоллингвистикалық дәстүр де әлемдегі көптілдік жүйені экологиялық жүйе ретінде, ал тілдердің өлуін әлемдегі биоалуантүрліліктің азаюы ретінде қарастырып, «тіл және экология» терминдерін практикалық тұрғыдан түсіндіреді. Д. Нетл және С. Ромэйн «биоллингвистикалық алуантүрлілік» терминін қолданысқа енгізіп, мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде ағылшын тілі қолданылатын жаһандану туындатқан гегемонистік әлемде аз ұлттардың тілдерін сақтап қалу маңыздылығы туралы айтады. «Биоллингвистикалық дәстүр» эколлингвистиканың ең маңызды бағыты әрі тілдік алуантүрлілік экологиялық метафорасы тілдік жоспарлау және антропологиялық лингвистика салаларындағы ғалымдар тарапынан жиі қолданылды. Дегенмен, аталмыш бағыттың көп сынға ұшырағанын да айта кету керек.

Үшінші «халлидейлік дәстүр» тілді пайдалану мен экологиялық деграция арасындағы байланысты түсінуге негізделген. М. Халлидейдің пікіріне сай, адами тілдің антропоцентрилік табиғаты адамның экологиялық ұстанымдарға қайшы әрекеттеріне жауапты. Осы бағыттағы ғалымдар өз еңбектерін эколлингвистика мен сыни дискурстың тоғысында жүргізуге бейім. Қазіргі медиа-ландшафтта тұтынушылық және материалдық өсімді ұсынатын дискурс басымдыққа ие, осы тұрғыдан келгенде эколлингвистика экологиялық сауаттылықты арттыруға құнды теориялық және әдіснамалық үлес қоса алады (LeVasseur T., 2014).

Көріп отырғанымыздай, эколлингвистикалық бағыт аясында қарастырылатын мәселелер лингвистиканың өзге бағыттарының зерттеу нысандарымен сәйкес келеді, сол себепті эколлингвистиканы жеке ғылыми бағыт емес, лингвистикалық зерттеулердің біріктіретін ыңғай ретінде қарастырған дұрыс.

Канадалық ғалым Сибо Чен эколлингвистикалық зерттеулерге контент-анализ жүргізу

мақсатында Linguistics and Language Behavior Abstracts (LLBA), Communication & MassMedia Complete (CMMC) и Social Sciences Citation Index (SSCI) базаларына енетін индекстелетін журналдарда 1991-2015 жылдар аралығында жарық көрген 76 мақалаға талдау жүргізген. Ғалым осы жылдар аралығында эколлингвистикалық зерттеулердің диверсификацияға ұшырағанын және үстем тақырып ретінде «тілдік саясат пен жоспарлау» теориясының алынғанын айтады. Дегенмен, эколлингвистика теориясын дискурс талдау, тілдерді оқыту мен меңгерту салаларында пайдалану сипатын аңғаруға болады. Батыс елдеріндегі туризм саласындағы метафораларға этнографиялық талдау жүргізу, екінші тілді меңгеруге қатысты экологиялық көзқарасты талдау және меңгерілетін тілдің әртүрлі элеуметтік-мәдени мәнмәтіндегі символдық күзіреті туралы зерттеулердің саны артты. Мақалаларды ғалым тақырып шегінде төмендегідей жіктейді. Тілді оқыту мен меңгерту – 6, теориялық және тарихи талдау – 15, тілдік саясат және жоспарлау – 34, тілдік қатынас (байланыс) – 10, дискурс талдау – 11. Ғалымның зерттеулердің әдістері бойынша алған нәтижелері бізді қызықтырды: 76 мақаланың жартысы (38) әдебиеттерге шолу және теориялық синтезге құрылған, этнографиялық деректерді талдау әдісін 17, саясатты талдауды 13, сапалық дискурс-талдауды 6 және сандық сауалнама мен тәжірибе әдісін 2 ғалым пайдаланған. Аталмыш нәтиже эколлингвистиканың жеке сала ретінде толық қалыптаспағанын дәлелдейді. Өйткені осы салаға қызығушылық танытып жүрген ғалымдардың көбі әдеби және теориялық шолу жасау арқылы, бағыттың теориялық негізін қалаумен, әдіснамалық түпқазығын анықтаумен айналысып жүр.

Енді терминдердің жарыспалық сипатына қатысты ойымызға оралайық. В.П. Коровушкиннің пікіріне сай, дереккөзі ретінде лингвистикалық фактілерді – тілдік таңбаларды алатын лингвистика саласын эколлингвистика, ал тілдік таңбалардың қызметіне әсер ететін экологиялық фактілерге негізделетін экология саласын лингвоэкология терминімен атаған жөн. Сонымен қатар ғалым ғылымның қазіргі даму сатысында өзара синоним бола алмайтын екі терминді біріктіретін атаудың жоқ екенін және оны табудың қиын екенін айтады (Коровушкин В.П., 2011). Бірақ қиын болу себебіне тоқталмайды. В.П. Коровушкиннің осы ойын негізге алып, А.А. Громорушкина қиын болу

себепін эколлингвистиканың әртүрлі салалары өкілдерінің ғылыми диалогтегі қиындықтарымен, екі терминнің де эколлингвистиканың кешенді сипатын аша алмайтынымен, тек бір тарауын ерекшелеп көрсетуімен түсіндіреді [Громорушкина А.А., 2018]. Ал А.П. Сковордников екеуіне ортақ терминнің болуы мүмкін емес дейді. Өйткені біреуі экология, екіншісі лингвистика аясында дамиды, сәйкесінше синоним ретінде қарастырылмайды, лингвоэкология пәнаралық гуманитарлық ғылым, оның зерттеу пәні – күрделі семиотикалық жүйе болып табылатын, тілге және оның иелерінің тілдік санасына жағымсыз немесе жағымды әсер ететін әлеуметтік, тарихи, саяси және өзге экстралингвистикалық факторларға тәуелді тілдің жағдайын, тілдің ортасын жағымсыз әсерлерден қорғау, оны жетілдіру мен байыту жолдары мен тәсілдерін экологиялық тұрғыдан қарастыру, ал эколлингвистика экологиялық ғылым тілінің мәселерін лингвистикалық тұрғыда қарастырады (Сковордников А.П., 2019). Соңғы пікірге қосыламыз, егер екеуі әртүрлі ғылым саласына тиесілі болса, оларға ортақ атау мен бағыттың болмауы заңды әрі оған қажеттілік те жоқ. Дегенмен, А.П. Сковордниковтің екі терминді синоним ретінде де қарастырғанын жоғарыда айттық.

А. Филлдің еңбегінде экология мен лингвистика ғылымдарының тоғысындағы барлық зерттеулерге қатысты эколлингвистика термині қолданылады. Ғалымның пікіріне сай, эколлингвистика тілді теориялық, эмпирикалық және әдіснамалық зерттеу мақсаттарын қамтып, келесі міндеттерді шешеді: 1) тілге қатысты қарама-қарсылық мәні жоқ теорияларды іздеу; 2) тілдік жүйелерді және мәтіндерді зерттеу; 3) экологиялық проблематикаға қатысты тілдік әмбебаптарды зерделеу; 4) сол әмбебаптарды анықтау мақсатында жеке тілдерді (салғастырмалы) зерттеу; 5) балалар мен ересектерді экологиялық ойлау жүйесіне бейімдеудегі, яғни «экосауаттылықты» арттырудағы тілдің рөлін анықтау (Fill A., 1998).

Нәтижелері мен талқылануы

Эколлингвистика бағытының дамуымен оның пәндік аясын анықтау мәселесі де ғалымдарды қызықтырды. Осы орайда, оны философиялық ойлардан іздеу дағдысы байқалады. Өйткені «философия эколлингвистиканың зерттеу аясына тілді және оның сөйлеу формасын жетілдіруді, тілдік шығармашылықты зерделеу мен көп

шілікке таратуды қосуды қажет етеді» және эколлингвистиканың пәндік аясына «әлемнің ұлттық тілдік бейнесі мен ұлттық тілдік сана» енеді (Курашкина Н.А., 2016).

Эколлингвистика пәндер тоғысында туындағанын атауынан-ақ көруге болады. Сондықтан эколлингвистиканың өзге пәндермен байланысы туралы сөз қозғау қазіргі ғылымның даму бағытына сай артық деп ойлаймыз. Өйткені ғылым гибриді бағыттар мен салалар туындатып, сол бағытта дамып жатыр. Дегенмен эколлингвистиканың пәнаралық байланысын зерттеулерде сөз еткен ғалымдар жетерлік. Осы орайда В.П. Коровушкиннің бағыттар жіктелімін келтіру жеткілікті. Оның пікірі бойынша, лингвоэкология мемлекет пен қоғамның әлеуметтік-тілдік жағдайына сай және лингвоэкологиялық матрицаға енетін ғылыми бағыттардың мүмкіндіктеріне сай қалыптасады. Лингвоэкологиялық матрицаға енетін «донорлық» ғылымды төмендегідей топтастыруға болады:

- Лингвистикалық емес ғылым: экология (биоэкология, әлеуметтік экология, мәдениет экологиясы), антропология, этнология, мәдениеттану, мәдени антропология, әлеуметтану, этнопсихология, тарих (халықтық және мемлекеттік), саяси.

- Лингвистикалық компоненті бар пәнаралық ғылым: лингвоантропология/антрополилингвистика, этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика (тілдік саясат пен тілдік жоспарлау енеді), құқықтық лингвистика, лингвокриминология, психоллингвистика, әлеуметтік психоллингвистика, лингвокогнитология, лингвоелтану, лингвомәдениеттану, сөйлеу мәдениеті теориясы, әлеуметтік лектология, әлеуметтік лексикография.

- Лингвистика ғылым: тіл тарихы, тілдік қатынастар мен тілдік жылжу мәселелерін зерттейтін пәндер, билингвология; семантика; стилистика; лексикология; лексикография; жаргонология; арготология; коллоквиалистика, кәсіби және ұжымдық субтілдер мен жеке қолданыстар, субмәдениеттердің жүйесіне енетін стандартты емес лексиканы, фразеология мен паремиялогияны, тіл деңгейлеріндегі тілдік нормадан ауытқуды зерттейтін пәндер (Коровушкин В.П., 2011).

А. Филл тілдік экология саласында орындалған жұмыстарды екі бағытта жіктейді. Біріншіден, қоршаған орта дискурсын сыни талдау арқылы экологиялық мәселелерді зерт-

теуге бағытталған жұмыстар. Ғалымдар саяси, жарнамалық немесе экологиялық мазмұндағы мәтіндерді талдайды, экологиялық дискурсты талдау арқылы табиғатты жою мақсатын жасыруды көздейтін манипуляторлық технологияларды немесе метафораларды анықтайды. Екіншіден, тілдегі экологиялық және экологиялық емес белгілерді анықтауға бағытталған тілдік жүйені сыни талдау. Осы деңгейде тілді сынаудың ба-сында М. Халлидей тұр. Мысалы, ғалымның пікіріне сай, ағылшын тілі секілді орта еуропалық стандарттағы тілдердің грамматикасы өсу (growthism), сексуалды жіктеу (sexism), әлеуметтік немесе топтық жіктеу (classism) идеологиясын қамтиды және табиғи ресурстардың шектеусіздігі мен адамның ерекше жағдайы (speciesism) тілдік жүйенің құрылымында бар. Ғалым әскери дискурсты бейбіт дискурсқа, қарызға алу (беру) дискурсын жинау дискурсымен алмастыру секілді грамматикадан жоғары қабатпен жұмыс жасау қажеттілігін айтады грамматиканың ішкі қабатына еніп кеткен өсу және әлеуметтік топтау идеологияларын жою оңай емес, екі үдеріс қатар жүргізілуі керек деп есептейді.

Н.А. Курашкинаның пікірінше, эколлингвистика антропоцентризмнен қашып, «адам – табиғат» қатынасында үйлесім табу мақсатымен эоантропоцентристік дүниетанымға ұмтылып жүрген интегралды ғылыми парадигма (Курашкина Н.А., 2016). Жалпы, эколлингвистикалық бағыты лингвистикадағы жаңа ғылыми парадигма ретінде анықтау шетелдік ғалымдардың еңбектерінде жиі кездеседі. Адамға бағытталған зерттеулер біртіндеп адам мен оның ортасы арасындағы байланыс негізіне ауысып жатыр. Ғылыми парадигманың ауысуы ғылыми зерттеулер аясын кеңейтеді. Бірақ, расымен, эко ұғымы жаңа ғылыми парадигманы алып келді ме? Бұл өзге мақаланың тақырыбы деп ойлаймыз.

Эколлингвистикадағы әртүрлі идеялар мен бағыттарды жүйелей келе оның зерттеу бағыттарын төмендегідей жіктеуге боламыз:

1) тіл мен оның ортасының арақатынасы, тіл иелерінің өмір сүру дағдылары мен ерекшеліктерінің тілдегі көрінісі;

2) әлемнің тілдің алуантүрлілігін сақтау шараларының кешені, оларды қолдану жолдары;

3) тіл құрылымындағы экологиялық принциптерге сай немесе қайшы қолданыстарды іздеу;

4) экологиялық мәселелердің тілге, тілдің функцияларының экологиялық мәселелерді ше-

шуге әсері, экологиялық ахуалды жақсартуда тілдік элементтерді, дискурсты пайдалану;

5) адамзаттың экосауаттылығын арттыру.

Жалпы, эколлингвистиканың зерттеу аясы нақты анықталмағанына қарамастан, осы бағыттағы зерттеулердің қажеттілігін келесі пікірмен дәлелдеуге болады «Бүтін ыңғайдың болғаны орынды, бірақ болмаған жағдайда бізге түсініксіз, бірақ қарастырылатын мәселелердің санын арттыра беру қажет» (Mühlhäusler, P., 2019).

Қорытынды

Тіл мен экология жігіндегі зерттеулер а) әлемнің тілдік алуантүрлілігін сақтап, тіл экологиясын табиғи қалпында кейінгі қалдыру және ә) қоршаған ортаның қиындықтары мен болашағын зерделеп, жер тұрғындарына жеткізудегі тілдің орны, б) әдеби тіл нормасын сақтау, нормаға сай келмейтін қолданыстар мен нұсқалардың тілде көрініс беруі және оның әсері тұрғысынан жүргізіледі. Адам бар жерде тіл бар, ал адамның қазіргі өмір сүру дағдысы мен әдеті (әдебі) экологиялық қиындықтардың көп екендігін көрсетіп отыр. Сол себепті адам – тіл – экология ұштағаны жаңа зерттеулермен, бағыттармен толығып, ғылыми айналымда ұзақ сақталады. Эколлингвистикалық зерттеулердің тұжырымдары мен нәтижелері ұлттық саясаттың бір бөлігі саналатын тілдік саясатты жүргізіп, тілдік жоспарлауды жүзеге асыру кезінде пайдалы. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты «қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу» (Бағдарлама, 2019) деп анықталған. Мемлекеттік тіл қоғамның барлық саласына еніп, қолданыс аясын кеңейту үшін дайындалған аталмыш бағдарлама ел көлеміндегі тілдік қатынастарды реттеудің бір механизмі. Көпұлтты мемлекет ретінде көптілді қоғам екеніміз белгілі. Мемлекеттік тілдің қолданысын арттыра отырып, елдегі барлық тілдің өмір сүруіне жағдай жасау – тілдік балансты сақтау. Ол тіл экологиясының негізгі міндеті. Республика көлеміндегі туристік жерлердің жұмысын дұрыс ұйымдастырып, келушілердің қызығушылықтарын арттыру үшін тілдің әсер ету

функциясын пайдалана отырып, дұрыс этнотуризм дискурсын құру эколлингвистика аясындағы зерттеулерді қажет етеді. Жалпы, технологиялық эволюция кезіндегі цифрландыруға қазақ тілінің бейімділігін арттырып, виртуалды қолданыстағы үлесін пайымдау, ғаламтор тілінің әдеби тіл нормаларынан айырмашылығы мен ерекшелігін анықтау эколлингвистикалық зерттеулер аясында жүргізіледі. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Қазақтың тілі – қазақтың

жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде» (Қ.К. Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбаты, 2019) деген ойы тіл мен ортасының байланысын толық ашып бере алады. Мақаланы ұранмен аяқтау орынсыз болса да Президенттің аталмыш ойын тіл мәселесін ұлттың өмір сүру формасына айналдыру қажеттілігін жеткізу мақсатында келтіріп отырмыз.

Әдебиеттер

- Bang J. Chr., Døør J. (1993) *Eco-Linguistics: A Framework*. – Jørgen Chr (jcbang.dk) <https://www.britannica.com/science/ecosystem>
- Громорушкина А.А. Спорные вопросы в эколлингвистике // Вестник московского государственного лингвистического университета. Гуманитарные науки. – 2018. – №14. – С. 32-142
- Иванова Е.В. Экологическое сознание и эколлингвистика // Вестник ЧГПУ. – 2012. – № 7. – С. 252-262
- Коровушкин В. П. Основные атрибуты лингвоэкологии как автономной междисциплинарной отрасли языкознания // Вестник Череповецкого государственного университета. – 2011. – № 1. – С. 60-64.
- Курашкина Н.А. Истоки и пути развития эколлингвистики // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – Т. 15. – С. 246-250. – URL: <http://e-koncept.ru/2016/86950.htm>.
- Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>
- ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбаты <https://egemen.kz/article/186791-qtoqaev-qazaqtynh-tili-%E2%80%93-qazaqtynh-dgany!>
- Di Paolo E.A., Cuffari E.C., De Jaegher H. (2018) *Linguistic bodies: The continuity between life and language*. Cambridge: The MIT Press.
- Do Couto H.H. (2014) *Ecological approaches in linguistics: a historical overview*. *Language Sciences*. – № 41. – P. 122-128
- LeVasseur T. (2015) *Defining“Ecolinguistics?”: Challenging emic issues in anevolving environmental discipline*, *J. Environ. Stud. Sci.* 5 (1) (2015) 21e28, <http://dx.doi.org/10.1007/s13412-014-0198-4>
- Mühlhäusler, P. (2019) *Quo vadis Ecolinguistics*. In: Steffensen, S.V. (ed.). *The Aalpiri papers: two critical reflections on contemporary ecolinguistics*. SDU, Odense. – P. 6-24.
- Sapir E. (1912) *Language and Environment*. *American Anthropologist New Series*, Vol. 14, No. 2. – P. 226-242
- Сквородников А.П. Лингвоэкология, или эколлингвистика // Эффективное речевое общение (базовые компетенции) Словарь-справочник. Электронное издание. Сибирский федеральный университет. Под редакцией А.П. Сквородникова. Красноярск, 2014 –852 стр.
- Сквородников А.П. О некоторых нерешенных вопросах теории лингвоэкологии // Политическая лингвистика. – 2019. – №5 (77). – С. 12-25.
- Steffensen S., Alwin F. (2014) *Ecolinguistics: the state of the art and future horizons*. *Ecolinguistics: the Ecology of Language and the Ecology of Science*. – <https://www.sciencedirect.com/journal/language-sciences/vol/41/part/PA>
- Fill A. (1998) *Ecolinguistics: State of the Art*. *The Ecolinguistics Reader: Language, Ecology and Environment*. – 296 p.
- Finke, P. (2008). *The memory of language. New research in the beginnings of cultural evolution*. In: Döring, M., Penz, H., Trampe, W. (Eds.), *Language, Signs and Nature. Ecolinguistic Dimensions of Environmental Discourse*. Stauffenburg, Tübingen. – P. 73-88.
- Haugen, E. (1971). *The Ecology of language*. *The Linguistic Reporter*
- Chen S. (2016) *Language and ecology: A content analysis of ecolinguistics as an emerging research field* // *Ampersand*. – Vol. 3. – P. 108-116
- Яценко Н.Е. Толковый словарь обществоведческих терминов. – СПб.: Лань, 1999. – 528 стр.

References

- Bang J. Chr., Døør J. (1993) *Eco-Linguistics: A Framework*. – Jørgen Chr (jcbang.dk) <https://www.britannica.com/science/ecosystem>
- Chen S. (2016) *Language and ecology: A content analysis of ecolinguistics as an emerging research field* // *Ampersand*. – Vol. 3. – P. 108-116
- Di Paolo E.A., Cuffari E.C., De Jaegher H. (2018) *Linguistic bodies: The continuity between life and language*. Cambridge: The MIT Press.

- Do Couto H.H. (2014) Ecological approaches in linguistics: a historical overview. *Language Sciences*. – № 41. – P. 122-128
- Fill A. (1998) *Ecolinguistics: State of the Art. The Ecolinguistics Reader: Language, Ecology and Environment*. – 296 p.
- Gromoruškina A.A. (2018) Spornye voprosy v ekolingvistike [Controversial issues in ecolinguistics]. *Vestnik moskovskogo gosudarstvennogo lingvisticheskogo universiteta. Gumanitarnye nauki*. – №14. – S. 32-142 (In Russian)
- İasenko N.E. (1999) *Tolkovyı slovăr obşestvovedcheskih terminov [Explanatory Dictionary of Social Science terms]*. – SPb.: Län. – 528 str. (In Russian)
- İvanova E.V. (2012) *Ekologicheskoe soznanie i ekolingvistika [Environmental awareness and ecolinguistics]*. *Vestnik CHGPU*. – № 7. – S. 252-262 (In Russian)
- Korovuşkin V.P. (2011) *Osnovnye atributy lingvoekologii kak avtonomnoi mejdisiplinarnoi otrasli iazykoznanıa [The main attributes of linguoecology as an autonomous interdisciplinary branch of linguistics]*. *Vestnik Cherepovetskogo gosudarstvennogo universiteta*. – № 1. – S. 60-64 (In Russian)
- Kuraşkina N.A. (2016) *İstoki i puti razvıtia ekolingvistiki [The origins and ways of ecolinguistics development]*. *Nauchno-metodicheski elektronnyi jurnal «Konsept»*. – 2016. – T. 15. – S. 246-250. – URL: <http://e-koncept.ru/2016/86950.htm>. (In Russian)
- LeVasseur T. (2015) *Defining“Ecolinguistics?”: Challenging emic issues in anevolving environmental discipline*, *J. Environ. Stud. Sci.* 5 (1) 21e28, <http://dx.doi.org/10.1007/s13412-014-0198-4>
- Mühlhäusler, P. (2019) *Quo vadis Ecolinguistics*. In: Steffensen, S.V. (ed.). *The Aalpiri papers: two critical reflections on contemporary ecolinguistics*. SDU, Odense. – P. 6-24.
- Qazaqstan Respublikasyndaғы til saiasatyn iske asyrudyñ 2020 – 2025 jyldarğa arnalğan memleketтік baғdarlamasy [State program for the implementation of language policy in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045> (In Kazakh)
- QR Prezidenti Q.K. Toqaevtyñ «Egemen Qazaqstan» gazetine bergen sühbaty [Interview of the president of the Republic of Kazakhstan K.K. Tokayev to the newspaper «Egemen Kazakhstan»] <https://egemen.kz/article/186791-qtoqaev-qazaqtynh-tili-%E2%80%93qazaqtynh-dgany!> (In Kazakh)
- Sapir E. (1912) *Language and Environment*. *American Anthropologist New Series*, Vol. 14, No. 2. – P. 226-242
- Skovorodnikov A.P. (2014) *Lingvoekologia, ili ekolingvistika [Linguoecology, or ecolinguistics]*. *Efektivnoe rechevoe obşenie (bazovye kompetensii) Slovăr-spravochnik*. Elektronnoe izdanie. Sibirski federälnyi universitet. Pod redaksiei A.P. Skovorodnikova. Krasnoıarsk. – 852 str. (In Russian)
- Skovorodnikov A.P. (2019) *O nekotoryh nereşennyh voprosah teorii lingvoekologii [On some unresolved issues of the theory of linguoecology]*. *Politicheskai lingvistika*. – №5 (77). – S. 12-25 (In Russian)
- Steffensen S., Alwin F. (2014) *Ecolinguistics: the state of the art and future horizons*. *Ecolinguistics: the Ecology of Language and the Ecology of Science*. – <https://www.sciencedirect.com/journal/language-sciences/vol/41/part/PA>